

Динашева Л.С., к.и.н., доцент, Рустамбекова М.Е.,
к.и.н., доцент, Республика Казахстан, г. Туркестан, Международный
казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави

**Ресейдің түркістан өлкесіндегі отарлық саясатының ұлтаралық қатынастарға
әсері
(Жетісу және Сырдария облыстары материалдары бойынша)**

Бұл мақалада XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты қазақ уездеріне қоныс аударып келген келімсектер мен жергілікті тұрғындар арасындағы қатынас мәселесінің тарихы архив материалдары негізінде жан-жақты қарастырылған.

***Кілт сөздер:** орысқоныс аударушылары, қазақтар, патшалық Ресейдің саясаты, ұлтаралық қатынастар.*

В данной статье на основе архивных материалов рассматривается история межнациональных отношений между переселенцами из России и местными жителями в конце XIX в начале XX веков.

***Ключевые слова:** русские переселенцы, казахи, политика царской России, межнациональные отношения.*

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты қазақ уездеріне қоныс аударып келген келімсектер мен жергілікті тұрғындар арасындағы қатынас мәселесі тарихына үңілер болсақ, мұнда көп жағдайда, әсіресе жер және су мәселесі төңірегіндегі ұлттық қатынастардың шиеленісіп отырғандығы туралы сол кездің өзінде үкімет шенеуніктерінің өздері де жоғарыға берген есептерінде, хаттарында баспа беттерінде, жарияланған мақалаларында ренішін білдіріп отырды [1].

Бұл хатта үкімет шенеунігі орыс шаруаларының өздеріне жоғары билік тәртібінен берілген артықшылықтарға сүйене отырып, ешқандай негізсіз, қалаған уақытында жергілікті халықты жәбірлейтіндігін, өз меншігін қорғай отырып, олардың мүлкіне ешқандай жанашырлық көрсетпейтіндігін және де қазақтар өзінің табиғаты жуас, мейірімді болғандықтан орыс шаруаларының мұндай қорлығына ешқандай қарсылық көрсетпейтіндігін ашық мойындаған.

Шенеунік жоғарыдағы жағдайларды баяндай келе, орыс шаруаларына үкімет ешқандай қысым немесе қазақтарға істеп отырған жәбіріне шаралар қолданбайтындығын білгендіктен, өздерін жергілікті тұрғындардан артық қояды деп қорытындылайды [2]. Ұлттардың қарым-қатынасын реттеу үшін олардың құқын теңестіру қажет деген ойды хат авторы үкіметке ұсынады. Алайда, отар елдерде “...русские переселенцы не могут явиться хозяевами бедными, захудалыми и приниженными. Политическое преобладание в Туркестане русской народности должно быть закреплено и хозяйственной ей силою” [3,б.57] деп санаған империяның жоғарғы билігі, өзінің түпкі мақсатына жетуді жалғастыра берді. Ұлттық қатынастардың шиеленісуінің ең бастысы үкіметтің қазақ жерлерін еркінен тыс тартып алуы еді. Ал қазақтарға, ресми құжатта қолайлы жер деп жазылғанымен, іс жүзінде ештеңеге жарамсыз жерлер қалдырылған еді [4].

Қоныс аудару мекемелерінің бұл жолда істеп отырған жүгенсіздігімен қазақтардың оларға қарсыласудағы дәрменсіздігі туралы А.Байтұрсынов былай деп жазды: “Жоғарғы хакімдердің қазақ жері турасында шығарған Низам бұйрықтары болса да, ол бұйрықтарды мұндағылардың қайсылары орынына келтіріп, қайсылары орнына келтірмейді. “Қазақ жол ретін білмейді” дейді де, біреулері жолменен істемей, жосып, бетімен кетеді. “Мұнау жолсыз ғой”, – деп қазақ дауласа алмайды. Білмейтұғын қазаққа бәрі жолды болып көрінеді. Сондай жолсыз істеуден орынсыз жәбір көріп, әуре болып жүрген қазақтар көп” [5,б.222].

Жетісу облысы Лепсі уезі бастығының 1914-жылы 29-мамырында облысы губернаторы атына жазған №359 қатынас хатында қазақтарды жерге орналастыру жұмыстарында орталық әкімшілік мекемелерінің нұсқауларын қоныс аудару мекемелері дұрыс орындамай отырғандығын және де қазақтардың жерлеріне келіп қоныстанушылар қазақтарға түрлі жөнсіз қысымшылықтар көрсетіп жатқандығын, соның нәтижесінде қазақтардың әл-ауқаты күрт нашарлап, олардың тарапынан наразылықтардың күшейіп келе жатқандығы туралы былай дейді: «Экономическое положение киргизов сильно понизились туземное население глухо ропщет. Недовольство киргизов еще более усиливается с сокращением летовочных стойбищ и ограничением кочевых дорог, которые в натуре не выделены, перепахиваются и казаками. С кочевников при переходе на летовку взывается покопытный сбор (за прогон, за потравы, за курицу или утку попавшую в табун и т.п.), а затем еще покапытный сбор полевой стражей заведующего гоударственными имуществами. ... Невольно заставляет киргизов вынести заключение, что их умышленно хотят разорить» [6,б.499].

Орыс шаруалары өздеріне үкімет тарапынан берілген артықшылықтарды емін-еркін пайдаланды. Келімсектер тіпті, ертеңгі күндері не болатындығымен санаспай, жергілікті халықтың қолынан үкімет тартып алып берген жерлерге де жанашырлықпен қарамады, құнарлылығын арттыру үшін ештеңе істемеді. Түркістанда тексеру жүргізген сенатор Пален қоныс аударушылар өздеріне тиесілі жерді жүдетіп жібергендігін, жерге ешқандай тыңайтқыштар ендірмей отырғандығын, алайда осы поселкелерге жақын орналасқан неміс менониттері өмір сүретін елді мекендерде жағдай тіптен бөтен екендігін, мұндағы немістер үкімет тарапынан ешқандай көмек алмаса да, шаурашылығының өнімділігін арттырып отырғандығын, тіпті ертеден егінмен айналысатын орыс шаруашылығына қарағанда көшпелілердің егіншілігі алдыңғы сатыда тұратындығын ашына жазған [7,б.291].

Ресми баспа органдарында “Түркістандағы ауыл шаруашылығының қатынас мәселесінде жергілікті халық біздің орыстарға қарағанда әлде қайда жоғары тұрады” – деп хабарлады [8]. Орыстар жерді суғару туралы ештеңе білмеді. “Им казалось невероятным, что землю, засеянную хлебом необходимо орошать” [9]. Олар жергілікті халықтан суғару жүйелерін жүргізуді, арықтар қазуды үйренді [10]. Өздеріне берілген артықшылықтарды пайдалана отырып, шаруашылығындағы ауыр жұмыстарды істету үшін болмашы ақшаға қазақ шаруаларын жалдап алды немесе өз жерлерін жерсіз қазақтарға егін шашуға беріп, үлкен пайда тауып отырды [11,б.11].

1896-1897 жж. Түркістан өлкесіндегі қоныс аудару мәселесі жайында деректер жинау үшін келген А.А.Пловцев Жетісу облысындағы переселендердің жағдайы туралы былай дейді: “...По отзывам местных людей отдельные домохозяева владеют иногда двумя стами и более десятин, то есть живут помещиками и содержат известное число дешовых киргизских работников. Работников таких все мало-мальски зажиточные дворы держат годовых, а кроме того нанимают с 15 марта по 15 ноября” [12,б.27].

Сондай-ақ, келімсектер, қазақтардан болмашы нәрсеге айып ақша төлетіп пайда табу жолында олар, әкімшіліктің өз сөзін сөйлейтіндігіне кәміл сеніп, әр түрлі қулықтарға барды [13,б.71].

Қазақтар үкіметке шағымданғанда ешқандай нәтиже бермейтіндігін түсініп, переселендердің малдарын ұрлап кетіп отырды. Бұндай жағдайда, өлкенің генерал-губернаторы ұрланған малдың құнын сол болыстықтағы қазақтардан жинатып алатын. Көп жағдайда қазақтардан олар ұрламаған малдары үшін де ақша жиналып алынды. А.А. Пловцев ол туралы былай дейді: “Мұжықтар өздерінің кесел өгіздерін өлтіріп, оның құнын, қазақтар ұрлады деп олардан ақша жинап алып отырды” [12,б.85].

Ұлттар арасындағы қақтығыстар су мәселесі төңірегінде де көптеп болып тұрды. Су мәселесіне келгенде қазақтардың ашынған даусы ерекше шықты. Себебі, көп жағдайда, су бастауларында орналасқан орыс поселкелері суды қалай болса солай, жанашырлықсыз пайдаланып, ал су жүйелерінің етегінде қоныстанған қазақ ауылдары

судың әрбір тамшысына зар болып отырған. Егер “үкімет шенеуніктері елді мекендерді аралап шыға қалса, олар барлық жерде дерлік, әсіресе, орыс шаруаларының суды пайдалану тәртібін бұзып отырғандығы туралы қазақтар ашына шағымданады. Су мәселесі жөнінде олар арасында қақтығыстар көптеп болып отыр” деп жазды Н. Остроумов [14].

Су қоры өте тапшы Түркістан өлкесінде су пайдаланудың арнайы тәртібі болды. Бұл тәртіп заңда көрсетілмеді. Арық ақсақалдары және су мұраптарынан тұратын су әкімшілігі қызмет етті. Орыс отаршылары осында алып келген паракорлығының арқасында, суды тарқатумен айналысатын мұраптар, кім сыйлық немесе ақша берсе соған су жіберетін күн де туды. Көбінше бұл артықшылықпен орыс шаруалары пайдаланатын еді.

Жергілікті қазақ халқы қоныстандыру мекемелері қызметкерлерінің жүгенсіздігіне, орыс шаруалардың жәбіріне шыдай алмай жоғарғы билікке, мемлекеттік Думаға арызданып отырды. Өз хаттарында олар “переселен қорына деп пайдаланып отырған суымызды, егін еккен, мал баққан, шөп шапқан жерлеріміз тартып алынууда. Бұдан былай біз қалай күн көретінімізді білмейміз” [15] деп жазды. Петербургтен жауап ретінде «қоныс аудару мекемелеріне көрсетілген қарсылықтардың барлығы әскери күшпен басып тасталсын» деген бұйрықтар келді [16].

Келімсектер мен қазақтар арасында жанжалдардың үдейе түсуіне үкіметтің переселендерге қару-жарақ тарқату саясаты да себепші болды. Қаруландыру саясаты отарлық сипатта жоспарлы түрде жүргізілді.

“Орыс қоныс аударушыларын қаруландыру” туралы жобаны патшаның өзі бекітіп, одан кейін 1891 жылы 29 ақпанда Министрлер Кеңесінде қабылданып, бекітілді. Одан соң таратылып берілген қаруды айырбастауға, сыйға тартуға және түземдіктерге сатуға қатаң тыйым салған арнайы “Ереже” де қабылданды. Сондықтан винтовка алған әрбір переселен үкімет өкіліне “мен бұл мылтықты түземдіктерге сатпаймын, жай да бермеймін” – деп қол хат беруге тиіс болды [17].

1898 жылғы Әндіжан көтерілісінен кейін осындай қарулы көтеріліс тағы да болуы мүмкін деп қауіптенген үкімет 1903 жылы Түркістан округінде қару ұстай алатындардың барлығын қаруландыру бұйырылды. Оңтүстік Қазақстандағы Сырдария облысына осы жылдары 1134 винтовка, Жетісу облысындағы казактар мен орыс шаруаларына үш мың винтовка тарқатылды [18]. Бұдан кейінгі жылдары да қару жасырын тарқатылып тұрды. Бұл жағдай орыс шаруаларының күшейе түсуіне алып келді. Ендігі жерде егер қазақтар өздерінің қарсылығын білдіріп шабуыл жасай қалса, орыс шаруалары ашық түрде қару қолданып отырды.

Қоныс аударушылар мен жергілікті тұрғындар арасындағы қатынас, әсіресе, 1914 жылы басталған I дүние жүзілік соғыс кезінде қатты шиеленісіп кетті. Бұған себепші болған отаршылдық әкімшіліктің қазақтарға көрсеткен шектен тыс ұлыдержавалық саясаты еді. Осы жылдары қазақтар мен қырғыздар үшін соғысқа алынғандардың отбасына міндетті түрде еңбек ету міндеткерлігі мен соғыс қажеттілігі үшін салықтың әр түрлері салынды. Басқа сөзбен айтқанда, бұл саясат соғысқа алынған орыс шаруаларының әйелдеріне қазақтарды крепостниктік тәуелділікке салу еді [19, б.45]. 1916 жылдың ақпанында Жетісу губернаторы М. Фольбаум: “қазақ пен қырғыздарға отбасылары соғысқа алынған қожалықтардың егістік жерлерінде істеген еңбектері үшін ешқандай ақы төленбесін” [20.б. 37], – деп бұйрық берді”. Бұл жағдай да жергілікті халықтың ашу ызасын туғызған еді.

Патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы бұратаналарды империялық соғыстың (тылдық) қара жұмыстарын атқаруға алу туралы жарлығының шығуы онсыз да ұшқындап тұрған наразылықтың жалын алып кетуіне соқтырды.

Әрине, қазақтарды соғыстың тылдық жұмысына алу көтерілістің бұрқ ете қалуына тек сылтау ғана еді, ал оның негізгі себебі, әлде қайда тереңіректе, патша үкіметінің жүргізген аграрлық саясатында жатты.

Патша өкіметінің ағарарлық саясаты салдары, әсіресе көшпенділер шаруашылығына үлкен нұқсан келтірді. Себебі, патша заңдары бойынша, көшпелілер жерлері қазына қорына көптеп алынды, жер тапшылығынан олардың шаруашылығы күйзелді. Сондықтан да, көшпелілер жері орыс поселкелерін орналастыру үшін ең көп алынған Жетісу облысында 1916 жылғы көтеріліс басқа жерден күштірек болды [21,б.76].

Көтерілістің егжей-тегжейін баяндау біздің зерттеу жұмысымыздың міндетіне кірмейді, алайда, деректерге қарағанда, қазақтардың Ресейдің отарлау саясатына қарсы ұлт-азаттық күресі кезінде адам айтқысыз қатыгездіктерге жол беріліп, қазақ халқының ашу-ызасы өзінің шарықтау шегіне жетті деп айта аламыз. Халық қолына түскен қарулармен қаруланып, орыс поселкелерін қиратты, әкімшілік мекеме үйлеріне шабуыл жасады. Көтеріліс әр жерде тұтанып, бүкіл халықтық сипат алды.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тууына патша үкіметінің ұзақ жылдар бойы жүргізген отарлық саясаты тікелей себепші болы.

Сонымен, Ресей самодержавиясының отарлау саясаты, оның реакциялық мазмұны, орыс мұжықтарының (қара шекпенділерінің) Оңтүстік Қазақстан территориясына қоныс аударуы мыңдаған қазақ қожалықтарының кіндік қаны тамған ата-мекен жерлерінен шөл, шөлейт, құмды, тасты жерлерге ығыстырып, олардың шаруашылығының күйзелуіне, кедейленуіне, ұлттар арасында қарым-қатынастың шиеленісуіне алып келген еді. Жоғарыда келтірілген деректік материалдар кеңестік тарих ғылымында орын алған “отарлаудың прогрессивті салдары” туралы үрдіс бүгінгі таңда сын көтере алмайтындығын дәлелдейді.

Әдебиеттер

1. ӨР ОММ., 19-қ., 1-т., 29180-іс, 5-п.
2. ӨР ОММ., 19-қ., 1-т., 29180-іс., 6-п.
3. Записка главноуправляющего землеустройством и земледелием о поездке в Туркестанский край в 1912 году. – Полтава, 1912. – С. 57.
4. ҚР ОММ., 19-қ., 1-т., 2049-іс, 17-п.
5. Ахмет Байтұрсынов. Ақ жол. – Алматы, 1991. 222-б.
6. Рабочие и ағарарное движения в Казахстане в 1907-1914 годах. Сборник документов и материалов. /Сост. Киреев Ф.Н., Колодин Н. – Алма-Ата, 1957.
7. Пален К.К. Отчет по ревизии Туркестанского края. Преселенческое дело. Спб., 1910. – С. 291.
8. Туркестанские ведомости. 1907. N76.
9. ӨР ОММ., 1-қ., 34-т., 1124-іс, 5-п.
10. Сонда, 18-қ., 1-т., 27-іс, 19-п.
11. Переселение крестьян Харьковской губернии. Вып. III, – Харьков, 1910.
12. Отчет чиновника особых поручений при министерстве внутренних дел А.А. Пловцева, командировавшего в 1896-1897 гг. для собрания сведений о положении крестьянского дела в Туркестанском крае. Спб., 1898. – С. 27.
13. Гейер И.И. Голод и колонизация Сыр-Дарьинской области в 1891 году. – Ташкент, 1893. – С. 71.
14. Туркестанские ведомости, 1897. N67.
15. ҚР ОММ., 19-қ., 1-т., 1301-іс, 3-п.
16. Сонда, 186-іс, 8-п.
17. Сонда, 41-қ., 1-т., 252-іс, 340, 353-п.
18. ӨР ОММ., 17-қ., 1-т., 17654-іс, 58-п.
19. Жемчужников Н.Н. Движение на восток к вопросам переселения, землеустройства и колонизации. – М., 1927. – С. 45.
20. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. Сборник документов. (Под.ред. Пясновского А.В.). – М., 1960. – С. 37.
21. Асфандияров С. Қазақстан тарихы очерктері. – Алматы, 1994.

**OSHGU M.E. Rustambekova L.S. Dinasheva, 2015-4 docent, , docent, Republic of
Kazakhstan,
International Kazakh-Turkish University named after H.A.Yasavi**

**Influence of russia colonial policy in turkestan ethnic relations
(On a material Zhetysusky and Syrdarya region)**

In this article, based on archival material deals with the history of inter-ethnic relations between immigrants from Russia and the locals in the late nineteenth early twentieth centuries.

Key words: *Russian immigrants, Kazakhs, the royal Rosii policy, international relations.*